

ТУРИЗМДІ ДАМУДА КӨЛІК САЛАСЫ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДА ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНДАРЫ ПАРКІН ЖҮЙЕЛІ ЖАҢАРТУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. 2026 ЖЫЛДЫҢ ЖАЗҒЫ МАУСЫМЫНДА ХАЛЫҚТЫҢ СҰРАНЫСЫНА СӘЙКЕС 13 ҚОСЫМША БАҒДАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ШАМАМЕН 400 МЫҢ ҚОСЫМША ОРЫН ҰСЫНЫЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ АЛАКӨЛ БАҒЫТЫНА ЕРЕКШЕ КӨңІЛ БӨЛІНЕДІ. БҰЛ БАҒЫТТА 8 ҚОСЫМША ПОЙЫЗ БОЛАДЫ.

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Көлік министрі



№8 (3155)
03/02/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚТЖ И РЖД: ОПРЕДЕЛЕННЫ ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ

В рамках рабочего визита в Москву состоялась двусторонняя встреча председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Талгата Алдыбергенова с генеральным директором – председателем правления ОАО «РЖД» Олегом Белозеровым. Стороны подвели итоги 2025 года и согласовали план совместных действий на 2026 год.

По итогам 2025 года объем перевозок между РК и РФ увеличился на 3,5%, достигнув 92,1 миллиона тонн (+3,1 миллиона тонн к уровню 2024 года), экспорт – 52,9 миллиона тонн (+4,3%), транзит – 25,6 миллиона тонн (+8,8%).

Трехкратный рост показали перевозки казахстанского зерна через территорию РФ, составив 2,2 миллиона тонн. При этом перевалка через российские порты выросла на 34% (до 526,4 тысячи тонн). Динамику (+38%) показывают и перевозки угля из РК через порты РФ, объем которых достиг 11,7 миллиона тонн.

С учетом того, что в 2026 году потенциальный объем перевозок может превысить проектную пропускную способность межгосударственных стыковых пунктов (МГСП), стороны подчеркнули важность синхронного развития железнодорожной инфра-



структуры, скоординированной работы государственных контролирующих органов на МГСП и соблюдения договоренностей по количеству обмена поездами и технологическому развитию стыковых станций.

Обсуждено развитие восточной ветки международного транспортного коридора (МТК) Север – Юг. По итогам 2025 года контейнерные перевозки по коридору выросли в 1,5 раза.

Главы компаний отметили успех в сфере цифровой трансформации логистики, в частности, переход на использование электронных накладных в международном сообщении.

Асель ШАЙХЫНОВА

ДИСКОНТТҚ КАРТАЛАР ЕНГІЗІЛДІ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ 60 жастан асқан жолаушыларға арналған жаңа жеңілдікті іске қосты. Енді оларға ел ішінде темір жолмен сапарлауға 25% жеңілдік қарастырылған.

Жеңілдікті пайдалану үшін Ұлттық тасымалдаушының барлық пойыздарында жарамды QURMET дисконттық картасын рәсімдеу жеткілікті. Карта күле, плацкарт және отыратын вагондарға шектеусіз билет алуға мүмкіндік береді. Картаның құны – 3000 теңге, жарамдылық мерзімі – сатып алынған күннен бастап 1 жыл.

Жастар үшін де тиімді мүмкіндіктер ұсынатын жаңа КЕТТІК33 дисконттық картасы енгізілді. Енді 15 пен 25 жас аралығындағы жолаушылар КЕТТІК33 дисконттық картасы арқылы күпе вагондарындағы жоғарғы орындар мен отыратын вагондарға билеттерді 33% жеңілдікпен рәсімдей алады. Картаның құны – 3000 теңге, жарамдылық мерзімі – сатып алынған күннен бастап 1 жыл.

Дисконттық карта иесінің атына рәсімделеді және үшінші тұлғалардың пайдалануына жол берілмейді. Картаны тек теміржол вокзалдарындағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассаларынан алуға болады. Рәсімдеу үшін жеке куәлік, ұялы телефон нөмірі немесе электрондық пошта мекенжайы талап етіледі.

Дисконттық карта бойынша жеңілдіктер билет кассаларында немесе [bilet.railways.kz](#) сайты арқылы билет сатып алынған жағдайда ғана қолданылады. Екінші деңгейлі банктердің платформалары арқылы сатып алынған билеттерге жеңілдіктер қарастырылмайды. Сондай-ақ мерекелік және каникул уақытында дисконттық карталардың қолданылуы тоқтатылады.

Ұлан ОРАЗ



Иван ШАПОВАЛОВ,
технический директор
ТОО «Теміржол жөндеу»:

«МЫ РАЗВИВАЕМ МЕЖДУНАРОДНОЕ ПАРТНЕРСТВО И ВНЕДРЯЕМ ЛУЧШИЕ МИРОВЫЕ ПРАКТИКИ ДЛЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА. ПО ИТОГАМ ПОСЛЕДНЕГО ВИЗИТА В КИТАЙ С КРУПНЫМИ ПРОИЗВОДИТЕЛЯМИ ДОСТИГНУТЫ ДОГОВОРЕННОСТИ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ВНЕДРЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ, ПОВЫШЕНИЕ ЛОКАЛИЗАЦИИ И ЭФФЕКТИВНОСТИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПРОЕКТОВ»

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2025 ГОДУ ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» В НАПРАВЛЕНИИ УЗБЕКИСТАНА ПЕРЕВЕЗЕНО

32,3 млн
ТОНН ГРУЗОВ.

БОЛЕЕ
54,3 млн

ТОНН УГЛЯ ПЕРЕВЕЗЕНО С НАЧАЛА ОТОПИТЕЛЬНОГО СЕЗОНА ВНУТРИ РЕСПУБЛИКИ ПО СЕТИ ҚТЖ.

СВЫШЕ
950 км

КОНТАКТНОЙ СЕТИ ОТРЕМОНТИРОВАНО РАБОТНИКАМИ АЛМАТИНСКОГО ОТДЕЛЕНИЯ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ В 2025 ГОДУ.

Кәсіподақ

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстан мен Қырғызстанды байланыстыратын шекаралық аудан Меркі станциясында Халықаралық теміржол кәсіподақтары конфедерациясының ұстанымына сай, қазақ-қырғыз теміржолшылар кәсіподақтарының достық, іскерлік байланысты нығайтуды көздеген ресми кездесуі өтті.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл-Меркі

«Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев пен «Қырғызпрофсоюз» төрағасы Талғат Жолдашев бастаған қазақ-қырғыз делегациясы өзара достық қарым-қатынас қағидаттарын негізге алған екі ел арасындағы кәсіподақтар ұйымының ынтымақтастығы аясында ұйым жұмысын үйлестіру және ұйымдастыруға қатысты мәселелерді талқыға салды.

«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев екі елдің салалық кәсіподақтарының ынтымақтастығы – көршілес әрі бауырлас елдер арасындағы ежелгі достықты айқындай түсетінін, аралас-құралас жатқан екі елді байланыстырып жатқан ортақ шойын жолға қатысты мәселелерді бірлесе шешудің бірлескен келісімі екенін атап өтті. Қырғыз елі тарапынан

Талғат Жолдашев та қазақстандық әріптесінің пікірін қуаттап, теміржолшылар кәсіподағының рөлі мен маңызы жайлы сөз қозғап, бұл көптен жоспарланған кездесу екенін жеткізді.

Теміржол кәсіподақтарының ортақ мәселелерін қозғаған жиында сөз алған кәсіподақ өкілдері ұйым жұмысына қатысты мәселелерді талқыға салып, ортақ шешімін іздеумен қатар өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

Жиын соңында қазақ-қырғыз теміржолшылары кәсіподағының төрағалары екі ел арасында ежелден қалыптасқан достық, іскерлік қарым-қатынасты айшықтайтын құжат шекара маңындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

– Халықаралық теміржол кәсіподақтары конфедерациясының (МКПЖ) саясаты құрмет, теңдік, тату көршілік, жалпыға сәйкес әрекет етуге негізделген. Біз басшылыққа алған қағидат осы. Көршілес



екі елдің тамыры тереңге тартқан тарихи байланысы мен достық қарым-қатынасын енді екі елдің теміржолшылар кәсіподақтарының шекаралас аймақтардағы ынтымақтастық туралы Меморандумы растай түспек. Екі елді байланыстырып тұрған Меркі станциясы орналасқан

Жамбыл облысы Меркі ауданында қырғыз әріптестермен өткен бүгінгі басқосудың тарихи маңызы жоғары, – деген «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Төлепбекұлы кездесудің барлық жағынан жемісті болғанын атап өтті.

Суретті түсірген автор

ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА НӘТИЖЕСІ



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Соның нәтижесінде делдалдық және логистикалық шығындар азайып, жүк өткізу уақыты айтарлықтай қысқарды. Жоба Сингапурдың жетекші цифрлық компанияларының бірімен жүзеге асырылып отыр. Екі елдің бірлескен бастамалары мұнымен шектелмейді. Былтыр қос мемлекет бірқатар ірі инвестициялық жобаны іске қосты. Цифрлық платформа Қазақстанда екі жыл бұрын іске қосылған. Осы уақыт ішінде жүйе шығындар-

ды азайтып, кедендік рәсімдерді айтарлықтай жеделдетті. Бұған дейін транзиттік құжаттарды рәсімдеу 12 сағатқа дейін созылса, қазір бұл үдеріс небәрі 30 минутта жүзеге асады. Жоба Қытайдан Орталық Азия мен Еуропаға бағытталған негізгі транзиттік бағыттарды қамтиды. Платформа іске қосылғалы бері 200 мыңға жуық операция орындалды.

Алдағы екі жылда платформаның ауқымын кеңейтіп, жүйелердің өзара жұмысын күшейту көзделіп отыр. Қытайдан Қазақстан арқылы өтетін негізгі дәліздердегі тасымал көлемін

арттыру жоспарланған. Бұл транзит ағынын еселеп көбейтуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге «теңіз – теміржол» бағыты да дамитын болады. Жобаға үлкен үміт артылуда.

Қазақстанның Сингапур, Аустралия және Жаңа Зеландиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Асқар Құттықадамның айтуынша, қазір елімізде Сингапур капиталының қатысуымен 300-ге жуық бірлескен кәсіпорын бар. Олардың басым бөлігі логистика, өнеркәсіп және құрылыс салаларында жұмыс істейді, сондай-ақ қаржы мен цифрлық технологиялар секторын қамтиды.

ЛОГИСТИКА В ПЛЮСЕ



Общий грузооборот через китайско-казахстанскую логистическую базу в городе Ляньюньгане в 2025 году достиг 5,1597 миллиона тонн, продемонстрировав рост на 13,74% в годовом исчислении.

С момента запуска базы в 2014 году в рамках инициативы «Один пояс, один путь» ее совокупный грузооборот превысил в общей сложности 43 миллиона тонн. К настоящему моменту через нее проходит шесть маршрутов международных железнодорожных грузоперевозок, охватывающих 104 станции в Азии и Европе.



Из Ляньюньгана товары доставляются поездами Китай – Европа/Центральная Азия в Алматы за 6 дней, а в Ташкент – примерно за 10.

– С базы в Юго-Восточную Азию эффективно и безопасно доставляются пшеница и минеральные продукты из Центральной Азии, а в Центральную Азию – автомобили, фотоэлектрическая продукция и другие товары из Китая, Кореи, Японии и других стран. Такого рода сотрудничество дает результаты по формуле «1+1>2», – сообщил информационно-агентство «Синьхуа» заместитель генерального директора компании «Китайско-казахстанская международная логистическая компания г. Ляньюньган» Азильхан Беделов.

Кроме того, с помощью информационной платформы уже можно отслеживать составы на протяжении всего пути их следования в режиме реального времени. В будущем будет обеспечена информационная взаимосвязанность между тремя узловыми центрами благодаря совместному строительству и использованию канала передачи данных для мультимодальных перевозок в рамках нового евразийского сухопутно-морского транспортного коридора.

Любовь РОББА
Foto Russian.news.cn

ҚАУІПСІЗДІККЕ ТАЛАП КҮШЕЙТІЛУДЕ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Желі бойындағы жүк тасымалының артуы күзет шараларын күшейтуді де талап етуде. Бұл ретте тек тораптық станцияларда ғана емес, шағын жол айрықтарына да баса мән берілуде.

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Семей филиалының өңіраралық шұғыл әрекет ету оңтайлы тобының жеке құрамы жоспарлы жұмыстарды барынша күшейтуде. Атап айтсақ, профилактикалық, қауіпсіздік сақтау және теміржол бойындағы ұрлық фактілерінің алдын алу мақсатындағы іс-шаралар қатарын ұйымдастыру жұмыстары тың бағытта жүргізіліп жатыр.



Бүгінде Самат Райымбеков басшылық ететін филиал жігіттері желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс жүргізуді де жолға қойған. Мәселен, жуырда Семей, Жаңа-Семей және Аягөз станциялары аумағында күдік тудыратын азаматтардың құжаттары тексеріліп, теміржол бойында қауіпсіз жүріп-тұру тақырыбында нұсқамалар жүргізілді. Желі бойында жұмыс жүргізіп жатқан теміржолшылардың іс-әрекеттері де назарға алынды.

– Қызметтің негізгі мақсаты – қызметкерлердің қауіпсіздік шараларын сақтауын, жүк құрамаларының ақаусыз түрде белгіленген орындарға жеткізілуін қадағалап, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу. Профилактикалық жұмыстар тәулікпен санаспай жүргізілуде, – дейді бұл ретте ӘТЖК Семей филиалы басшылығы.

Белгілі болғандай, жылжымалы құрамдардан жиі ұрланатын тауар – көмір. Шағын станциялардағы 5-10 минуттық аялдаудың өзі қатты отынды қаптап алуға жетіп жатыр. Десек те, соңғы уақыттары қадағалау шараларының күшейтілуі себепті мұндай фактілерге жол берілмегенін айта кету керек. Жүк құрамдарының қозғалысы барысында қауіпсіздік тек тепловоз кабинасынан ғана бақыланып қоймайды. Қызметтік көліктер мен түнгі мезгілде күндізгідей көруге мүмкіндік беретін бірегей бинокльдер, квадрокоптерлер пайдаланылады. Желі бойын барлау мен әуеден бейнетүсірілім жасау және мониторинг жүргізу үшін дрон тәрізді ұшқышсыз басқарылатын аппараттарын қолданудың маңызы зор. Яғни пойыздардың қауіпсіздігі биіктен де бақыланады.

Суретті түсірген автор

ЕРЛІК – ЕЛГЕ ҮЛГІ

Жібек МЕДЕТҚЫЗЫ,
Астана



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Әкімшілік ғимаратының LED-экранында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз еткен теміржолшыларға арналған «Батырлар біздің арамызда» атты кезекті бейнеролик ұсынылды.

Алып экранда көрініс тапқан бейнематериалда стандартты емес және қауіпті жағдайлар туындаған кезде жауапкершілік, тәртіп пен қызыреттіліктің жоғары деңгейін көрсеткен 27 теміржолшының кәсіби іс-әрекеттері көрсетілген.

Бейнеролик кейіпкерлері қатарында локомотив бригадалары – машинистер мен көмекші машинистер, депо бойынша кезекші, вагон қараушы-жөндеушілер, қозғалыс қауіпсіздігі бойынша тексерушілер, пойыз құрастырушылар мен электромеханиктер, жолшылар бар. Олардың қырағылығы мен дер кезінде, жедел іс-қимылдары арқасында жылжымалы құрамның жолдан шығып кетуінің алды алынып, автокөлік жүргізушілерінің кінәсінен теміржол өткелдерінде жол-көлік оқиғаларының жолы кесілді, рельстердің сынуы, автотіркегіш құрылғылардың жарықтары анықталды. Жедел әрекет ету және жұмысшылардың кәсібилігі пойыздар қауіпсіздігі мен тасымалдау процесінің тұрақтылығы үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін оқиғалардан сақтады.

Ұлттық компания күн сайын еліміздің барлық аумағында пойыздардың қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін өз қызметкерлеріне шынайы ризашылығын білдіреді. Олардың жауапкершілігі, қырағылығы және мамандыққа деген адалдығы бүкіл ұжым үшін үлгі болып табылады.

ТЕНДІК – ТОЛЫҚ ҚУАТЫНДА



Аймақта жүк тасымалына айтарлықтай үлес қосып отырған Атырау мұнай өндеу зауытының Промышленная станциясы Тендік станциясымен қоян-қолтық жұмыс жасайды.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бөлек жоба бойынша салынған зауыт ішіндегі Промышленная станциясында 11 жол бар. Вагондар сонда сұрыпалады. Пойыз бұрынғыдай Ақжайық станциясына соқпай, Тендіктен зауыттың сұрыптау станциясына тікелей келеді де, әрі қарай зауытқа жол тартады. Зауыт станциясы Тендікке толық құрамды пойыз дайындап береді, ал соңғысы оларды жан-жаққа таратады.

Қайта жаңғыртудан өткен Тендік станциясына жүктің көбі Мақаттан келеді. Тендік пен Мақат станциясының аралық телімі 118 шақырымды құрайды. Олардың аралығында Қарабатан, Ескене, Доссор станциялары мен разъездер бар. Мақат әр тарапқа жол тарайтын тораптық станция болғандықтан, одан жан-



жақтан келген жүк және жолушы пойыздары тарайды. Тендік станциясы бастығының орынбасары Ізбасар Өткелбаевтың айтуынша, станция толық қуатымен жұмыс жасап келеді. Бүгінде станцияда тәулігіне 200-ге жуық вагон тиеліп, 30-40 вагон жүк түсіріледі.

– Бүгінде Тендік станциясы толық қуатымен жұмыс істеуде. Станцияның пойыздарды өткізу

ЖОЛШЫЛАР ҒИМАРАТЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Сексеуіл жол дистанциясында қызметкерлерге қолайлы еңбек жағдайын жасауға бағытталған маңызды жоба жүзеге асты. Жаңартылған ғимарат теміржолшылардың кәсіби міндетін қауіпсіз әрі сапалы атқаруына толық мүмкіндік беріп отыр.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Сексеуіл станциясы

Сексеуіл жол дистанциясының бұл ғимараты уақыт өте заман талабына сай келмей, әбден тозығы жеткен еді. Ғимараттың ескіруі қызметкерлердің жұмысын тиімді ұйымдастыруға да, еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтауға да белгілі бір деңгейде қолбайлау болды. Соның салдарынан мекеме қызметкерлері әртүрлі орындарға бөлініп, бір орталықта шоғырланып жұмыс істеу мүмкіндігі болмады. Нәтижесінде бөлімше басшылығының қолдауымен ғимараттың іші-сырты, шатыры, едені толық жөндеуден өткізілді. Жұмыс бөлмелері қажеттілікке орай кей жерде кеңейтілсе, кейбірі біріктіріліп, енді бірі оқшауланды, ескі-терезелер жаңартылып, көп шаруа атқарылды.

Сексеуіл жол дистанциясының бастығы Мұрат Байділдаевтың айтуынша, еңбек адамына жасалған әрбір жағдай – ең алдымен қауіпсіз қозғалыстың берік негізі.

– Заманауи үлгіде жөндеуден өткізілген жұмыс орнымыздың пайдалануға берілуі бүкіл ұжымды риза етіп, жұмыстарына жаңа серпің берді десек, қателеспейміз. Қызметкердің жұмыс орны талапқа сай, ыңғайлы әрі қауіпсіз болса, ол өз міндетін де жоғары жауапкершілікпен, сапалы орындайды. Сексеуіл жол дистанциясында жүзеге асқан ғимаратты жаңарту жобасы – осы ұстанымның нақты іс жүзіндегі көрінісі, – дейді дистанция басшысы.

Ғимарат заман талабына сай құрылыс материалдарымен жаңартылып, жұмыс орындары заманауи талаптарға сәйкестен-

дірілген. Қызметкерлер үшін жайлы еңбек жағдайы жасалып, жұмыс процесін тиімді әрі жүйелі ұйымдастыруға барлық мүмкіндік қарастырылған. Жаңа жылда жаңа қонысқа көшкен жолшылар ұжымы өздеріне көрсетіліп отырған қамқорлыққа сапалы жұмыспен жауап беруге дайын.

Айта кетерлігі, Сексеуіл жол дистанциясы өңірдегі ең жас дистанциялардың бірі болғанымен, атқарып отырған қызметтің салмағы ауыр. Әсіресе жаңа телім саналатын Сексеуіл – Қоскөл арасындағы жолдардың бабын жасап, талапқа сай ұстау – сексеуілдік жолшылардың жауапты міндеті. Қиындығы мен жауапкершілігі мол осы жұмыстың сапалы орындалуы, сөз жоқ, ұжымның еңбек жағдайына да тікелей байланысты.

Суретті түсірген автор



дірілген. Қызметкерлер үшін жайлы еңбек жағдайы жасалып, жұмыс процесін тиімді әрі жүйелі ұйымдастыруға барлық мүмкіндік қарастырылған. Жаңа жылда жаңа қонысқа көшкен жолшылар ұжымы өздеріне көрсетіліп отырған қамқорлыққа сапалы жұмыспен жауап беруге дайын.

Айта кетерлігі, Сексеуіл жол дистанциясы өңірдегі ең жас дистанциялардың бірі болғанымен, атқарып отырған қызметтің салмағы ауыр. Әсіресе жаңа телім саналатын Сексеуіл – Қоскөл арасындағы жолдардың бабын жасап, талапқа сай ұстау – сексеуілдік жолшылардың жауапты міндеті. Қиындығы мен жауапкершілігі мол осы жұмыстың сапалы орындалуы, сөз жоқ, ұжымның еңбек жағдайына да тікелей байланысты.

Суретті түсірген автор

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖОҒАРЫ

Жуырда Шар станциясында жылашар тораптық кеңес болып өтті. Семей ЖТ бөлімшесінің бастығы Алмас Сейсемқановтың төрағалығымен өткен басқосуға НЖС-6 бөлімшесі бастығының орынбасары Азат Беркімбаев, «Досжан темір жолы» АҚ директоры А. Рахимов, «Қазтеміртранс» АҚ Семей филиалы директорының орынбасары Айгерім Тоқпанова арнайы қатысты.

Қуан ЕРТІС,
Шар станциясы

Сонымен қатар Аягөз-Шар-Жаңа-Семей теліміндегі қозғалыс саласына қатысты барлық мекеме өкілдері мен Шар станциясының теміржолшылары да келді.

Жиын барысында сөз алған бөлімше басшысы Алмас Ғылымұлы әуелгі кезекте өткен жылдың 12 айы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі қорытындысын жариялады. Бөлімше басшысы айтып өткендей, өткен жылы қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтірудің төрт фактісі тіркелген. Оның алдыңғы жылы

8 оқиға орын алған еді. Ахуалдың біршама жақсарғанын байқауға болады. Әйтсе де, орын алған келеңсіз жайттардан тиісінше сабақ алу керек. Бұл орайда бірінші кезекте станция қызметкерлеріне түсер жауапкершілік жоғары. Себебі станция басындағы маневрлік жұмыстар кезінде орын алған тосын жайттар бар.

Сол тәрізді бүгінде кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мәселесі де күн тақырыбынан түспей тұр. Мәселен, өткен жылдың 12 айында бөлімше көлеміндегі кірме жолдар бойынша 25 кінәрат тіркелсе, алдыңғы 2024 жылы да



21 оқиғаға жол берілген.

Тораптық жиын барысында айтылғандай, РБ-6 аппараты өткен жылғы қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіру фактілеріне жан-жақты сараптама жасаған. Бұл ретте

тасымал процесіне қатысушылар тарапынан 78 ереже бұзушылық тіркелген. Ал алдыңғы жылы 89 жайт орын алған еді. Бөлімше ревизорлары жыл бойына жалпы саны 794 тексеру жұмыстарын жүргізіп, 8974 ескерту және 1414 тыйым салу іс-шараларын қабылдапты. Яғни қозғалыс процесі мен тасымал үдерісін қадағалау, бақылау жұмыстары тыңғылықты жүргізіліп жатыр.

Басқосуда Семей магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Азат Санмұратұлы да сөз алып, өткен жылғы атқарылған жоспарлы жұмыстар жайында баяндады. Жол күтімінен бастап желі бойындағы мекемелерді жаңғырту жұмыстары биыл да жалғасатынын жеткізді.

Жиын барысында Шар станциясына қатысты бірқатар өзекті мәселелер сөз болып, тиісті тапсырмалар берілді.


Көтерілген мәселелердің барлығы хаттамға енгізіліп, орындалу барысын қадағалауды бөлімше басшысы өз міндетіне алды.

Суретті түсірген автор

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалу не орындалмау туралы ақпарат
BSN 031 040 001 799 49200 (ЭҚЖЖ бойынша қызмет түрі) 2025 жылғы 1 маусымнан 2025 жылғы желтоқсанға дейінгі кезеңде

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы	Кім бекіткен (бұйрықтың күні, нөмірі)	Іс-шара-ның атауы	Инвестициялық бағдарламаны іске асыру жылдары		1.06.2025 ж. бастап 30.05.2026 ж. дейінгі тарифтік жыл үшін іс-шараның, инвестициялық бағдарлама объектісінің шекті бағада ескерілген жоспарлы параметрлері (көрсеткіштері)				Іс-шараның, инвестициялық бағдарлама объектісінің шекті бағада ескерілген (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен) орындалуы, нақты параметрлері (көрсеткіштері)				Жоспарға фактіні қабылдамау (+, -)		Ауытқу себептері				
				1 жарты-жылдық	2 жарты-жылдық	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі	Инвестиция сомасы	Инвестиция көзі	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі	Инвестиция сомасы	Инвестиция көзі		Техникалық параметрлер	Инвестиция сомасы		
																			1.06.25-тен 31.12.2025-ке дейінгі тарифтік кезеңдегі факт	
	Барлығы	ҚР ҰЭМ ТМРМ 2025 жылғы 1 маусымнан бастап қолданыста болған №32-08-07/679-және 22.05.2025 ж. хатымен инвестициялық бағдарлама бекітілді.	Локомотивтерді сатып алу	2025 жылғы 1 маусымнан 2026 жылғы маусымға дейін		бірлік-тер	68	мың теңге	167 877 493	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	бірліктер	119	мың теңге	277 076 049	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	51	109 198 556			
1	KZ8A сериялы жүк электровоздарын сатып алу						бірлік-тер	34	мың теңге	107 536 659		барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	бірліктер	27	мың теңге	84 167 632	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты		-7	- 23 369 027
									мың теңге	60 340 834		барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			мың теңге	192 908 417	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			132 567 583
									мың теңге	107 165 344		барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			мың теңге	44 572 979	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			- 20 132 415
2	ТЭЗ3А сериялы жүк тепловоздарын сатып алу						бірлік-тер	12	мың теңге	46 824 510		барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	бірліктер	40	мың теңге	42 459 950	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты		28	- 2 251 531
									мың теңге	60 340 834		барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			мың теңге	109 277 648	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			- 17 880 884
						мың теңге			32 317 322	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	мың теңге	24 019 568			барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	76 960 326				
3	ТЭЗ3А сериялы жүк тепловоздарын сатып алу					бірлік-тер	9	мың теңге	32 317 322	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	бірліктер	27	мың теңге	85 258 081	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	18	- 8 297 754			
								мың теңге	17 293 090	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			мың теңге	56 914 240	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты		39 621 150			
								мың теңге	17 293 090	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			мың теңге	10 999 503	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты		- 6 293 587			
4	СКД6s сериялы жүк тепловоздарын сатып алу					бірлік-тер	13	мың теңге	45 914 737	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	бірліктер	25	мың теңге	45 914 737	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	12	45 914 737			
								мың теңге	11 101 737	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты			мың теңге	23 851 231	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты		12 749 494			
		мың теңге	11 101 737	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	мың теңге			4 575 582	барлығы оның ішінде меншікті қаражаты несие қаражаты	- 6 526 155										

ОТРАЖЕНИЕ В ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ



ИТОГИ



Елена КОЛДАСБАЕВА,

Алматы

За 2025 год Уштобинской дистанцией сигнализации и связи проведена значительная работа по обеспечению безопасного движения поездов. Выполнены следующие мероприятия: замена монтажа в светофорах, линзовых комплектов на светодиодные модули, обновление монтажа в электроприводах, переемычек к кабельным стойкам, ремонт и замена электродвигателей типов МСП и МСТ. Кроме того, произведена замена наземных муфт СЦБ, выполнен ремонт и замена кабелей с пониженной изоляцией, путевых и стрелочных коробок, джемперных переемычек, а также приведены к единому стандарту монтаж релейных шкафов и напольных устройств.

В ходе выполнения работ проведена проверка технического состояния оборудования, выполнено

В Уштобинской дистанции сигнализации и связи успешно проведен комплекс технических работ, направленных на повышение надежности и бесперебойной работы технических устройств.

плановое обслуживание и устранены выявленные недостатки. По станции Сарыозек произведена замена кабеля СЦБ. Работниками КИП СЦБ осуществляется комплексная замена приборов, а также плановые проверки пульт-табло и панелей питания на станциях. Проведен текущий ремонт в здании поста ДЦ на станции Уштобе.

Все мероприятия выполнены в соответствии с установленными нормативными требованиями, с соблюдением правил охраны труда и техники безопасности.

По словам начальника Уштобинской дистанции сигнализации и связи Талгата Кабылбаева, проведенные работы способствуют повышению надежности устройств и обеспечению стабильной и безопасной эксплуатации объектов дистанции.

Особое внимание уделяется вопросам охраны труда. В процессе выполнения работ строго соблюдаются требования нормативных документов,



осуществляется контроль состояния рабочих мест и применения средств индивидуальной защиты. Регулярно проводятся инструктажи и обучение персонала вопросам безопасности труда, что позволяет снижать производственные риски и обеспечивать безопасные условия работы. План мероприятий из 12 пунктов в области охраны здоровья и обеспечения безопасности труда, запланированный в прошлом году на сумму 15 миллионов 185 тысяч тенге, выполнен в полном объеме.

Одним из ключевых условий достижения высоких показателей в эксплуатационной деятельности

является качественная организация технической учебы, которую проводит не только мастер производственного обучения, но и руководящий состав дистанции – начальник, главный инженер, заместители, при участии начальников участков и старших электромехаников.

В дистанции работает немало креативных специалистов, способных находить эффективные решения в нестандартных ситуациях. Их инициативность и профессионализм способствуют внедрению новых идей и успешному выполнению производственных задач. В числе таких работников – старший электромеханик СЦБ участка Моалы – Крушдаласы Дастан Ибраимов, обладающий большим опытом работы и награжденный нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін».

Руководство дистанции создает условия для поддержки инициатив и рационализаторских предложений работников, поощряет творческий подход и внедрение эффективных решений, направленных на совершенствование работы и повышение ее результативности.

Являясь ровесницей Турксиба, дистанция на протяжении многих лет остается одним из ведущих предприятий региона по уровню производительности труда и качеству кадрового потенциала. Накопленный опыт и приверженность традициям позволяют уверенно развиваться и успешно решать поставленные задачи.

Фото автора

Снегоборьба для устойчивой работы станции

В течение двух дней железнодорожники проводили уборку снега на станции Оскемен-1 в режиме второй очереди. Они очищали станционные пути, междупутья, стрелочные горловины.



Ольга УШАКОВА,

Усть-Каменогорск

Соответствующее распоряжение о проведении второй очереди по снегоборьбе 28 и 29 января 2026 года издал заместитель Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону Марат Уалиев. Были сформированы списки из числа железнодорожников смежных служб.

На очистку от заносов вышли около 70 человек: путейцы, работники станции Оскемен-1, локомотивного, вагонного,

